

10/5

103 108 23
3481 2/1

✓ Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының азаматтық істер
жөніндегі сот алқасының төрағасы
Шәріпов Нұрсерік Кәрімұлына
Маңғыстау облыстық сотының
төрағасы Бек Аметовке
Ақтау қаласының №2 сотының
төрағасы
Бейсенов Рахымжан Сейшовичке

Алғыс хат

Еліміздегі биліктің бір тармағы саналатын сот жүйесі - елімізде адам құқығы мен бостандығын сақталуын, қоғамдағы тұрақтылық пен дамудың қамтамасыз етілуінің бірден-бір кепілі болып келеді. Осындай кепілдік пен әділеттілік болғанда ғана қоғам дамып, өркендейді.

Мен, Курманбаева Нагима Садыровна Маңғыстау облысының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№28 жалпы білім беретін мектеп» КММ директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарамын, өз алғысымды Маңғыстау облысы Ақтау қаласы №2 сотының судьясы Акерев Куандық Жакановичке және сот отырысының хатшысы Тлеуова Индира Копекбаевнаға арнаймын.

Мен 2023 жылы 12 сәуірде осы Ақтау қаласының №2 сотына азаматтық істер бойынша талап арызбен жүгінген болатынмын. Мен арызымды өз жеке атымнан бергеніммен, бұл жалған жалада бүкіл Маңғыстау облысының және Ақтау мұғалімдерінің де ар-намысы, абыройы, мәртебесі тұрды деп білемін. Сондықтан бұл азаматтық іс - өте күрделі процесс болғаны белгілі. Алайда, судья Акерев Куандық Жаканович бұл азаматтық істі объективті түрде қарап, ең алдымен заңды, әділдікті басшылыққа ала отырып, кәсіби тұрғыда әділетті және іске маңызы бар мән-жәйлардың барлығын жан-жақты анықтап, істердегі құжаттарды мұқият зерделеп шықты. Сот хатшысы Индира Копекбаевна да өзін адамгершілік қасиеті мол, сыпайы, салмақты, жоғары мәдениетті мемлекеттік қызметкер екенін таныта білді. Нәтижесінде, арызым шынайы қаралып, әділ сот шешімін қолыма алдым. Осы судьяның әділ шешімі негізінде Маңғыстау облысы және Ақтау қаласының мұғалімдерінің де атына келтірілген жалған жала заңсыз екендігі дәлелденіп, нәтижесінде мұғалімдердің мәртебесінің қорғалғандығын да айтқым келеді.

Судья Акерев Куандық Жакановичке тек мен ғана емес барлық Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы мұғалімдерінің де алғыстары шексіз деп білемін.

5-17/2022
23

Сонымен қатар, «Жақсы адам ғана жақсы басшы бола алады», деп ұлы ойшыл, мемлекет қайраткері Ж.Баласағұни айтқандай, Ақтау қаласындағы №2 сотының төрағасы Бейсенов Рахымжан Сейшович басшылық еткен сот ұжымына алғысымды білдіргім келеді. Осы ғимарат ішіндегі әрбір істің қалай жүріп жатқанын өзінің соққан жүрегіңдей сезінген басшы - Рахымжан Сейшовичтің мұнысына бас изедім. Сондықтан, біздің еліміздегі сот қызметіне сенімділігім арта түсті.

Қазіргі таңда халық өз мәселелерін көбіне тікелей сотқа жүгініп, тек қана сот арқылы шешеді. Әрине, судьялар халық пен мемлекет алдындағы үлкен жауапкершіліктің жүгін мойнына алып, қоғам субъектілерінің қарым-қатынастарын реттеуші ретінде әрекет етеді. Судьяның жұмысы бұл тікелей адамның, қоғамның өміріне қатысты жұмыс. Сотқа басына іс түсіп, әділетсіздікке ұшыраған, құқығы бұзылған жандар ақиқатқа араша болады деп сеніп келеді, яғни сотқа деген сенімділік жоғары екені белгілі.

Судья - Акеров Куандык Жакановичке қоғамымыздың игілігі, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жолындағы күрделі де, жауапты қызметіңізде биіктерден көріне беріңіз деп тілек білдіремін.

Сонымен қатар, Акеров Куандык Жакановичтің осындай талабы үлкен қызметтегі мол тәжірибесін ескеріп, Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының атынан жоғары марапатқа ұсынылады деп сенемін.

Ақтау қаласының №2 соты ұжымына шығармашылық табыстар, сәттілік пен жетістіктер тілеймін! Сіздерге мықты денсаулық және әрқашан атқарып жатқан қиын, әрі жауапты қызметтеріңіз биіктерге қарай өрлей берсін!

Курманбаева Нагима Садыровна



25.07.2023 жыл